



## БҮЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

24.07.2015 № 73-НК

Ақтау қаласы

город Ақтау

**«Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау және суды таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне тарифтердің және тарифтік сметалардың шекті деңгейін бекіту туралы**

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15 бабы 1-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 17 шілдедегі №213-НК бүйріғымен бекітілген «Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларының шекті деңгейін бекіту» туралы ережесіне сәйкес

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. **2015 жылғы 1 қыркүйек 2019 жылғы 1 қыркүйек аралығына** «Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының тарифтерінің шекті деңгейі:

- таратушы желілері арқылы ыстық суды беру қызметіне 1 текше метрі үшін 319,03 теңге-тиын (ҚҚС-сыз) мөлшерінде бекітілсін.
- жылу энергиясын өндіру қызметінің тарифі 1 Гкал-ға 1769,78 теңге-тиын (ҚҚС-сыз) ;
- жылу энергиясын беру және бөлу қызметіне 1 Гкал үшін 526,18 теңге-тиын (ҚҚС-сыз) ;

2. «Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу, таратушы желілері арқылы ыстық суды беру қызметтерінің тарифтік сметалары № 1,2,3 қосымшаларға және соңғы тұтынушыға дейін қолданылатын тариф осы бүйріқтың № 4 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Департаментінің 2015 жылғы 21 қантардағы №08-НК

«Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылу энергиясын өндіру жөніндегі реттеліп көрсетілген қызметіне арналған төтенше реттеуши шаралар ретінде тарифтерді және тарифтік сметаларды бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Маңғыстау облысы бойынша Басқармасының 2007 жылғы 25 сәуірдегі №01-05/24-НҚ «Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу бойынша және 2007 жылғы 03 тамыздағы №01-05/58-НҚ таратушы желілері арқылы ыстық суды беру қызметтеріне тарифтерді және тарифтік сметаларды бекіту туралы бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Департаменттің Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімі (Абдигалиев А.К.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің және «Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының назарларына жеткізсін.

5. Тарифтік сметаның орындалу жауапкершілігі «Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бірінші басшысына жүктелсін.

6. «Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тарифті қолданысқа енгізгенге дейін отыз күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізуге міндettі.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау департамент басшысының орынбасары Б. Бекмұратовқа жүктелсін.

8. Осы бұйрық 2015 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енетін 1-бабын есепке алмағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысының м.а.

А.И. Онаев

